

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№3 (2023)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/GLPR6468>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/YIEU2754>

***С. Н. Сүтжанов¹, Б. Ш. Құралқанова²,
Э. С. Құрманғожаева³**

^{1,2}Өлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.;

³Алматы менеджмент университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*e-mail: S_sutzhanov@mail.ru

ШЫҒЫС-ТҮРКІ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ РУХАНИ-МӘДЕНИ ҚАТЫНАСТАР

Мақалада өткен ғасырлар тоғысындағы Шығыс-түркі әдебиетіндегі рухани-мәдени қатынастар сөз етіледі және сол тұста діни-ағартушылық арна аясында мұсылман жұрты оқығандарының өзара тығыз байланыстар жасағаны нақты мысалдар арқылы дәйектеледі.

Бұл ретте, діни-ағартушылық бағыт шығыс елдерін жақындастыратын басты факторлардың бірі әрі рухани алмасулар негізі ретінде қарастырылады. Өйткені адамдардың дін бірлігі мен ислами оқу үрдісі – олардың өзара байланысы мен қарым-қатынас жасауының бастау көзі саналды. Сол себепті бұл бағыттағы оқу жүйесі Шығыс өңірі елдерінің рухани өрісін кеңейтетін мәдениет ошағы ретінде қалыптасты. Екі ғасыр аралығындағы мұсылманшылық Шығыста осы бағыт ерекше қарқын алды. Әсте ол елдердің өзара рухани-мәдени қатынастары да осы арнада тоқайласты.

Жалпы, 19 ғасырдың орта шенінен бастап, Шығыстың Батысқа тәуелді бола бастауы зиялы қауым арасында алаңдаушылық тугызды. Батыс Еуропа мемлекеттерінің әлемдік қоғамдық-саяси әл-ахуалға ықпал ете бастауы елінің ертеңіне елеңдеуші Шығыс зиялыларын тыныш жатқызбады. Осы кезеңде дәстүрлі арнада қайта қалыптаса бастаған діни-ағартушылық ағым қоғамдық-саяси жағдайға байланысты өрбіді. Және ол ұлттық мұрат тұрғысында өркендеді.

Жазылымда осы мәселелер төңірегінде ой қозғалып, шығыс-түркі ғалым-қайраткерлерінің адамзаттың рухани жаңғыруындағы ролі, ықпалы баяндалады.

Кілтті сөздер: Шығыс-түркі әдебиеті, рухани-мәдени қатынастар, діни-ағартушылық бағыт, ұлттық мұрат, ағартушылық идеясы

Кіріспе

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші ширегі шығыс халықтарының тарихында өзгерістер мен төңкерістерге толы кезең ретінде айшықталады. Олай деуге негіз толық.

Ең алдымен, сол тұста батыс елдердің экономикалық дамуы, капиталының өсуі мұсылман елдерін оларға тәуелді ете бастады. Құлдық бұғаудан құтылуға ұмтылған халықтардың арпалысы, жан дауысы тарихта өз ізін қалдырды.

Екіншіден, ұлт зиялылары халықтың саяси, рухани жағынан өсіп, әлем жаңалықтары мен құндылықтарының аясында дамуына түрткі болды.

Үшіншіден, қоғамдық-тарихи факторлардың әсерінен туындаған түрлі ағым, ұйымдардың ұсынған негізгі концепция, айқындамалары ғасыр бедерін дұрыс анықтауға септігін тигізді.

Әр халықтың жеке ұлт болып қалыптасып, өрлеу кезінде ағартушылықтың жетекші рөл атқаратыны мәлім. Екі ғасыр аралығындағы мұсылманшылық Шығыста осы бағыт ерекше қарқын алды. Әсте ол елдердің өзара рухани-мәдени қатынастары да осы арнада тоқайласты.

Материалдар мен әдістер

Шығыс-түркі әдебиетінің өткен ғасырлар тоғысындағы мәдени-рухани алмасуларының басты арнасы ағартушылық болды. Мақаланың материалы ретінде XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші ширегіндегі шығыс-түркі әдебиеті туралы зерттеулер, осы кезеңдегі әдебиет қайраткерлерінің шығармашылықтары нысана ретінде алынды. Зерттеу мәселесі бойынша ғылыми еңбектерді сұрыптау, талдау, тарихи-салыстырмалы, мәтіндік талдау, жүйелеу әдіс-тәсілдері қолданылды.

Нәтижелерді талқылау

XIX ғасырдың орта шенінен бастап шығыстың батысқа тәуелді бола бастауы зиялы қауым арасында алаңдаушылық туғызды. Тығырықтан шығар жол іздеп, батысқа қарап бой түзеді, тереңге бойлап ой жүзді.

Осы кезеңде дәстүрлі арнада қайта қалыптаса бастаған шығыс елдеріндегі ағартушылық ағым қоғамдық-саяси жағдайға байланысты өрбіп, ұлттық мұрат тұрғысында өркендеді.

Бұл ретте түрік ағартушы қайраткерлердің тарихи, әдеби, публицистикалық, фәлсафалық туындылары жаңа идеологияның негізін қалады. Олар қоғамдық санаға азаттық, теңдік, әділеттілік идеяларының ұшқынын түсіріп, күрес рухын септі. Сөйтіп, әлемдік деңгейдегі қоғамдық сананың өсуіне қозғаушы күш болды.

Түріктің белгілі ағартушысы Намық Кемал «Өркениет» атты мақаласында: «Адамның құқы мен мақсаты - тек жай өмір сүру емес, еркін өмір сүру» [1, 51], – деп атап көрсетеді. Азаттық пен теңсіздіктің болмау себебін ол елдегі экономикалық дағдарыстан іздейді. Сондықтан Түркияда ағартушылық идеясын көтерген қоғамдық-саяси қозғалыс қайраткерлері қоғам дамуының қозғаушы күші ретіндегі ой-пікір, сөз, тәрбие және білім ісіне айрықша мән берді.

Осы тарапта ағартушы-жазушы Ахмед Мидхаттың шығармалары көңіл аударарлық. Ол тәрбие мен білімге үлкен сенім артып, халық рахаты, ел берекесі соған байланысты дегенді айтады: «Жалпы, жазушы ой-пікірлер тоғысын жеткізуші ретінде болады не оны жұртшылыққа уағыздаушы рөлін атқарады. Ал әлемдік өркениет баспасөзге тәуелді» [2, 22].

Түрік ағартушылары өнер туындыларының тарихи үрдістегі рөліне де ерекше көңіл бөлді. Мәселен, Намық Кемал театрдың халық тағдырына ықпалын айрықша атап көрсетеді. Сондай-ақ, ол халыққа қызмет етуді әдебиеттің барлық жанрына міндеттейді.

Жалпы, XIX ғасырдың аяғындағы түрік қоғамында ағартушылық идеологиясы қалыптасып, ол жүйелі түрде қоғамдық-саяси, діни-этикалық әрі эстетикалық мәселелерді қамтыды. Нақтырақ айтқанда, сол тұстағы зиялы қауымның саяси көзқарасында «жоғарғы өкімет», «әділ басшы» мәселесі үлкен орын алды. Мысалы, «тамаша, таза халиф» бейнесі Абдулхак Хамиттің «Тарих» атты пьесасында көтеріледі. Ал өз билігін халық талабына қарай бейімдеген әділ патша образы автордың «Тезер» трагедиясында сомдалған. Мейірімсіз билеушіге қарсы халық көтерілісін суреттеген драмалық туындыларға Абдулхак Хамиттің «Сарданапал», «Тезер», Намық Кемалдың «Гүлнихал» пьесалары жатады [3].

Сонымен, XIX ғасырдың екінші жартысында түріктің ағартушылық әдебиеті қоғам өміріне белсене араласып, ескірген феодализмнің күйреуіне түрткі болды. Ағартушы қаламгерлер өз шығармалары арқылы әдеби дәстүрлерге соны мазмұн, жаңа формалар енгізді.

Түріктің ағартушылық бағыттағы әдебиеті көршілес туысқан шығыс халықтарына да өз әсерін тигізбей қоймады. Олар туғызған рухани дүниелер ислам әлемінің аясындағы ортақ арнада тоғысты.

XIX ғасырдың бірінші жартысында қоғам дамуына демеуші болған ағартушылық идеясы шығыстағы араб елдеріне де бойлап ене бастады.

Осы бағытты жақтаушылардың алдында үлкен міндет тұрды, ол – әдеби дәстүрді бұзбай, оған батыстық-ағартушылық идеялар ұрығын себу. Сөйтіп, классикалық араб тілі мен әдебиетін жаңартып дамытты. Жалпы, бұл құбылыстардың сол тұстағы қоғамның өсу деңгейіне ықпал еткен ағартушылық идеологияға байланысты туындағанына шүбә келтіруге болмайды.

1828 жылы араб тілінде «Әр-Уәкана әл-Мысыри» газеті шықты. Оның бірінші редакторы белгілі әдебиетші әрі аудармашы Рахиа ат-Тахтави болды [4]. Ат-Тахтави өз кезінің көрнекті ағартушыларының бірі әрі мысыр мәдениетінің алдыңғы қатарлы өкілі еді. 1836 жылы Мысырда оқу орнының директоры бола отырып, ат-Тахтави жастарға француз, ағылшын, түрік және араб тілдерін оқытып, мемлекетке қажетті мамандарды дайындауға бар күш-жігерін сарп етті. Сөйте жүріп, ол шығармашылықпен де айналысты.

Реформаторлар жаңа буржуазиялық идеологияны жақтап, қоғамдық-саяси ой-пікірлерді мұсылманшылыққа теліп, ғылыми жаңалықтарды Құран-Кәріммен байланыстырды

Ислам реформаторларының бұл күресі өз нәтижесін берді де. Мәселен, сол тұстағы жетекшілердің бірі, қоғам қайраткері Ж. Әл-Афгани (1839–1997) «Құдайсыздарға жауап» деген трактатында мұсылман жұртшылығының бірлігін уағыздады. Ал көрнекті дінтанушы Мұхаммед Абдо (1849–1905) мұсылманшылықты шынайы ислам арқылы қалыптастыруға күш салды. Осы мақсатпен 1898 жылы «әл-Манар» («Мұнара») журналы шыға бастады. 1900 жылы Мысырда М. Абдоның басшылығымен «Араб ғылымдарын дамыту қоғамы» құрылды. Ортағасырлық араб мәдениетін жақсы біліп, ислам әлемін терең тануы оны өз кезеңінің фәлсафалық және әлеуметтік мәселелерін шешуге итермеледі.

М. Абдо кейбір ғылыми жаңалықтардың баламасын Құраннан тапты, сөйтіп, білімнің бастау көзі сонда екендігін дәлелдеуге тырысты. Сонымен қатар «аль-Урбат аль-Буска» («Тар бұғау») газетінде жарияланған мақалаларында жазбагер араб мәдениетін күйреуден сақтайтын бір ғана жол – бүкіл мұсылман жұртшылығын біріктіретін таза исламды ұсынды [5].

XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген тағы бір көрнекті араб ағартушысы Абд ар-Рахман әл-Кабани (1849–1902) ислам реформаторы ретінде халықтық мәселенің мемлекеттік деңгейде шешілуін қалады. «Деспотизм табиғаты» атты еңбегінде түрік үстемдігі жағдайындағы Осман империясын оған тәуелді араб халифатына қарсы қою арқылы арабтардың ұлттық сана-сезіміне қозғау салады. Әл-Кабанидің түсінігінде – шынайы ислам ілімі бойынша адамзат бір Аллаға ғана тәуелді, яғни әміршілдік, билеп-төстеушілік исламға жат [6, 120].

XIX ғасырдың екінші жартысында араб елдеріндегі мәдени өмірдің жандануына ғылыми-мәдени қоғамдардың ықпалы мол болды. Насыр әл-Иазыжи (1800–1871), Бутрус әл-Бустани (1819–1883) секілді белгілі қайраткерлер мәдениеттің өркендеуіне айтулы үлес қосты. Олардың бастамасымен Сирияда алғаш рет мәдениет қайраткерлерінің қоғамы құрылды. Қоғам ауқатты әрі зиялы адамдардың басын құрады.

Ал ғасыр аяғында бірқатар араб ағартушылары саяси-әлеуметтік мәселелер төңірегінде ой қозғап, тәуелсіз ел болу жайын көтерді. Сондай-ақ екі ғасыр аралығында құрылған бірнеше әдеби үйірмелерде, атап айтқанда, «Шығыс қоғамы» (1877 ж.), «Рамсес» (1905), «Жоғарғы оқу орындарының үйірмесі» (1906), «Ғылым үйі» (1907) секілді ұйымдарда ағартушылық идеясының дамуына қолдау көрсетеді.

Шынында, араб ағартушылары ғасырдың орта шенінен бастап қоғам өміріне белсене араласып, үлкен рөл атқарды. Әсіресе, белгілі ағартушы әл-Бустанидің еңбегі атап өтуге тұрарлық. Ол «Араб тілінің грамматикасы» мен арифметика оқулығын жазды. Және ол «Мұхит әл-Мұхит» атты түсіндірме сөздікті құрастырушы да болды. 1867 жылы әл-Бустани жаңа бағдарлама бойынша жүргізілетін ұлт мектебінің негізін қалады. Ол осы жылдары бірнеше газеттер де шығарып үлгерді және 1875 жылы «Білім аясы» («Даират әл-Мориф») деген араб энциклопедиясын шығаруды бастады [6, 151].

Ал ливандық ақын Насыф әл-Иазыжидың әл-Бустанимен таныстығы оны халық ағарту ісіне итермеледі. Ол өз тұсындағы ғылыми қоғамдарға мүше болды, ұлт мектебінде сабақ берді. Оның қаламынан араб әдебиеті мен тілі және музыка, медицина туралы зерттеулер туды. Әл-Назыжидың ғылыми тұжырымдамалары араб елдерінің тарихына деген қызығушылықты туғызды.

Әл-Назыжидың игілікті іс-дәстүрін оның ұлы Ибраһим ақын (1847–1906) жалғастырды. Ол әкесі мен оның замандастарының бастамасын әрі қарай жалғастырып қана қоймай, тың ойлармен толықтырды.

Араб әдебиетшілерінің алдында тың тақырыптарды игеріп, жаңа жанр, стиль енгізу мәселелері тұрды. Сөйтіп, XIX ғасыр аяғы мен XX ғасыр басында араб әдебиеті роман, повесть, әңгіме және очерк, эссе секілді жанрлармен байыды.

Бұл ретте мысырлық сөз зергері Мұстафа Лютфи әл-Манталутидің (1876–1924) еңбегі атап өтуге тұрарлық. Қаламгердің әдеби-рухани қалыптасуында Мұхаммед Абдоның жаңашыл идеялары үлкен рөл атқарды. Шығармашылық қызметін поэзиядан бастаған әл-Манфалутиге сүбелі өлеңдер шоғыры тиесілі. Сондай-ақ ол ортағасырлық араб классиктері Руми, әл-Масри және өзімен тұстас ақындар Хафиз Ибраһим, Халил Мутраналардың шығармашылығын сипаттайтын сыни еңбектер жазды. Онысы кейін «әл-Манфалути хрестоматиясы» деген атпен кітап болып шықты. Ол жазып

қалдырған әңгіме, новелла, очерктер барынша шынайы әрі поэтикаға толы болып келеді [6, 152].

Осы тұста араб әдебиетінің эссе жанрында қалам тербегендердің бірі - Мұстафа Камил (1874_1908). М. Камил ағартушылықты, ұлттық идеяны өрістету тәуелсіздік үшін күрестің бір тәсілі деп білді. Сол себеппен ол 1900 жылы «Ватанистав» («Отандастар») партиясының органы саналған «Лива» («Жалау») газетін шығарады. 1898 жылы оның ынта-ықласымен жаңа ұлттық мектеп ашылды. Бұл мектептерде оқушылар санының күрт өсуі халық санасының өскендігін байқатады. «Сонымен қатар Кемалдың тәуелсіздік пен исламиятты қатар өрбітіп, өзек еткен қоғамдық-саяси көзқарасын білдіретін «Ұлт өмірі», «Шығыс мәселесі» атты еңбектері сөз зергерінің саяси публицистиканың негізін қалаушы әрі ұлт азаттығының ұраншысы болғандығын білдіреді» [5, 176].

Өзінің публицистикалық еңбектерін мұсылман әйелдерінің бас бостандығына арнаған Қасым Әмин (1865–1908) «Әйелдер бостандығы», «Жаңа әйел» атты эсселер жинағында араб әйелдеріне аз ғана жеңілдік беруді талап етеді.

Жалпы, араб публицистикасының қалыптасуы ағартушы қаламгерлердің әдеби қызметімен тығыз байланысты. Мәселен, әл-Кабани, әл-Иазыжи және т.б. өздерінің қоғамдық-саяси көзқарастарын трактат түрінде емес, мақала, очерк сияқты қысқа жанрда жазып білдірді.

Араб публицистикасы шешендік өнер дәстүрін жалғастырушы ретінде де жанданды. Мысалы, рифмалық проза стилі, қайталау және басқа да көптеген риторикалық айшықтау түрлері негізінде шешендік өнерден бастау алады. Және шешендік өнер көсемсөз үлгісінде, үгіт-насихат түрінде бертінге дейін (тіпті қазір де) мешіттерде жаңғырып қолданылып келді. Ал ғасыр басындағы публицистика жанрының дамуымен қатар шешендік өнер де жандана бастады.

Шындығында, шығыс елдерінде ағартушылық ислам дініне негізделінді. Ағартушы реформаторлар ескі қоғамдық жүйені сынай отырып, өздерінің озық ойларын Құран қағидалары мен Пайғамбар хадистерімен үйлестіруге тырысты. Мұсылмандық ел зиялыларының барлығы дерлік ислам әлемінен бастау алатын шығыстық сипаттағы діни-ағартушылық әрі азатшылдық бағыт ұстанғаны мәлім.

Екі ғасыр арасындағы парсы әдебиетіндегі ағартушылық идеясы ескі қоғамдық тәртіпке қарсы бағытталған мазмұнының прогрессивтілігімен ерекшеленеді. Нақтылай айтқанда, 19 ғасырдың ортасында Иранға капитализмнің енуі елде түрлі қайшылықтардың туындауына әкелді. Парсы елінің батыс мемлекеттеріне тәуелділігі халықтың наразылығын тудырып, шаруалар көтерілісі күшейді. Осылайша Батыс капиталының ықпалынан

туындаған экономикалық және саяси дағдарыстар Иран мемлекетін біртіндеп капиталистік даму жолына түсірді.

Парсыдағы экономикалық өзгерістер мәдени өмірге ешқандай әсер еткен жоқ. Еуропа елдерімен тығыз қарым-қатынас батыс мәдениетінің элементтерін енгізуге әкелді. Өйткені уақыт мемлекеттік басқаруға қажетті сауатты мамандарды қажет етті. Батыс елдерінің әлеуметтік және әдеби-мәдени өмірімен таныс парсының оқыған азаматтары өз елінде прогрессивті идеяларды таратушылар ретінде әрекет етті. Атап айтқанда, баспахана ұйымдастырылып, алғашқы газет-журнал, кітаптар шығарыла бастады. 1852 жылы «Дар ол-фонун» оқу орны ашылды. Бұл оқу орнына қажетті оқулықтар жазып, басып шығару жұмыстары парсы зиялыларының пайда болуымен тығыз байланысты болды. Олар, ең алдымен, Батыс Еуропа халықтарының тілдерінен оқулықтар мен әдеби-көркем шығармаларды аударумен айналысты.

Әрине, қоғамдық пікірді қалыптастыруда, озық идеяларды таратуда баспасөздің рөлі зор. Алайда қатаң тәртіп пен цензура жағдайында елдің ішкі мүмкіндіктері мұны қатты шектеді. Мысалы, Мысыр баспасөзіне әлеуметтік және саяси мәселелерді талқылауға қатаң тыйым салынды. Сондықтан әрбір басылым өзінің алғашқы санында қандай мәселелерді қамтитынын жариялап, материалдармен, олардың тақырыптары мен мазмұнымен қамтамасыз етті. Осылайша газет-журналдар саяси мәселелерден алшақтап, оқу-ағарту ісіне ден қойды.

Жалпы, бұл ақын-жазушылардың шығармашылығында ағартушылық идеясы өте айқын сезілді. Олар – Мырза Мәлкім хан (1833–1908), Зейін әл-Абедин Мараген (1837–1910) және Абдар-Рахим Талиби (1834–1911).

Мырза Мәлкім хан жоғары мемлекеттік және дипломатиялық қызмет атқарып, ағарту ісімен айналысады [7]. Оның гуманистік, ағартушылық көзқарастарының қалыптасуына әзірбайжан философы және жазушысы Мырза Фатали Ахундовпен (1812–1876) танысуы үлкен әсер етті. Сөйтіп, 60-жылдары «Фарамушхана» қоғамын құрды. Бұл қоғам мүшелерін толғандырған басты мәселе адамның өзін-өзі жетілдіруі және гуманизм қағидаларын насихаттауы болды. Сондықтан Малкім хан өз еңбегін «Адамгершілік қағидалары» деп атаған. Жұмыс осы қоғамның теориялық негізі болды. Жазушы адамның өзін-өзі жетілдіру жолындағы міндеттерін жеті кезеңге бөледі: 1) жаман мінез-құлықтан аулақ болу; 2) қайырымдылық жасау; 3) қысымды шектеу; 4) бірлік пен келісім; 5) білім мен ғылымға ұмтылу; 6) имандылықты уағыздайды; 7) тәртіпті сақтау.

Бұл жеті гуманистік қағида трактат және идеялық ағым ретінде қарастырылып, парсы ағартушылық ғылымын зерттеуде үлкен қызығушылық тудырғаны анық. Бұған көрнекті шығыстанушы ғалымдар

Е. Е. Бертельстің [8], И. С. Брагинскийдің, Д. С. Комиссаровтың парсы әдебиетіне қатысты құнды еңбектері дәлел.

Мұқият қарасаңыз, Мырза Мәлкім хан көтерген гуманистік ой-пікірлер орта ғасырдағы парсы классиктерінің шығармаларына арқау болғанын байқауға болады. Шығыс данышпандары өз ұғымдарын сопылық таныммен ұштастыра білгені белгілі. Демек, адамның өзін-өзі жетілдіруі мен жоғарыда аталған еңбекте айтылған діни ұстанымдар сопылық алғышарттармен үйлеседі. Сопылық дәстүр сабақтастығымен қатар шығыс ағартушылығының өзіндік ерекшелігін де байқалады.

Сонымен қатар Мәлкім хан араб жазуын өзгертуді көздеген. Ол реформаны мұсылман елдерінің идеалды болашағының қайнар көзі деп білді. Сөйтіп, ол араб жазуының стенографиялық үлгісін ұсынды. Бұл ойды демократ жазушы М.Ф.Ахундов қуаттады. Алайда олар өз ойларын жүзеге асыра алмады.

Сол кезде-ақ Мырза Мәлкім хан бірінші болып мұсылман елдерінде кең тараған (1870 жылдары) «усул-жәдиттік» оқу үлгісін идея ретінде ұсынды да, оны татар ағартушысы И.Гаспиринский жүзеге асырды.

Бұл ағартушылық идеясы жазушының (М.Мәлкім хан-С.С.) «Прогресс негіздері», «Шейх пен шах» шығармаларында айқын көрініс тапқанын айта кеткен жөн. Сондай-ақ ескі феодалдық құрылысты сынау сол кездегі шығыс зиялы жазушыларына тән болды және бұл ерекшелік Мырза Мәлкім хан драматургиясында да байқалды. Оның «Араб билеушісі Ашрап ханмен болған оқиға», «Заман хан, губернатор Боруджердтің басқару әдісі» және т.б. пьесаларында ащы жексұрындық пен сол кезде орын алған жаман мінез – зорлық, немқұрайлылық әшкереленді [7].

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Зейін әл-Абедин Мараген парсы әдебиетіндегі ағартушылық бағыттың дамуына зор үлес қосты [9]. Атап айтқанда, оның «Ибраһим бей саяхатнамесі» («Сияхатнами Ибраһим бей») атты көлемді прозалық шығармасы өз заманында кеңінен таралды. Өйткені романда Иран еліндегі мемлекеттік және қоғамдық құрылыс сынға алынады. Сөйтіп, жұртшылықтың санасына үлкен әсер етіп, ирандықтардың сүйікті кітабына айналды. Бұл шығарманың өзі Кеңес өкіметі тұсында орыс тіліне аударылып, одақ орталығында басылып шыққаны белгілі. Әрине, бұған Зейін әл-Абединнің Ресейде ұзақ жылдар тұруы себеп болса керек.

Түптеп келгенде, аты аталған қаламгердің пікірінше, қараңғылық пен сауатсыздық бақытсыздыққа себепші болса, ғылым-білім елдің болашақ дамуының негізіне айналады. Осы тұрғыда Зейін әл-Абедин баспасөз бен әдебиетке үлкен үміт артып, оларды прогрестің басты құралы санайды.

Жазушы Әбдірахим Тәлиби шығармашылығы Иран халқының оянуы мен озық ой-пікірлерінің қалыптасуында ерекше рөл атқарды. Ол Табризде

(Ирандық жер атауы – С.С.) туып-өссе де, біраз уақыт Ресейде болған еді. Бұл оның ағартушылыққа негізделген шығармалар жазуына түрткі болды. Бұған жарқын мысал ретінде әзірбайжан ғалымы М. М. Манафидің жазғандары дәлел болмақ [10].

Ғалым атап көрсеткендей, ағартушылық идеясы – Тәлиби шығармашылығының негізгі арнасы. Атап айтқанда, ол «Талибидің кемесі», «Ахмед кітабы» («Сафине-и Талиби-иа», «Кітап Ахмед») атты еңбектерінде Иран елінің артта қалу себептерін ашып, ілгерілеу жолдарын көрсетуге тырысты.

Жоғарыда аталған парсы жазушылары шығармашылығының басты ерекшелігі халық арасында ғылым-білімді тарату, феодалдық құрылысты сынау арқылы әділетсіздік пен қанаушылықты шектеу, конституциялық заңдарға негізделген жаңа прогрессивті қоғам құру болды.

Қорытынды

Бір сөзбен айтқанда, 19 ғасырдың ортасынан бастап ағартушылық идеясы әдеби-тарихи үдеріс негізінде Таяу Шығыс елдерінде кеңінен қолдау тапты. Тек пен дін бірлігі, тіл ұқсастығы мұсылман қауымын бір бағытта біріктірді, сөйтіп, әдеби-мәдени тығыз байланыс жасауға итермеледі.

Пайдаланған деректер тізімі

1 **Namik, K.** Kulliyat [Metin] : 2 ciltlik. C. 2 / K. Namik. – Ankara, 1960. – 108 p.

2 **Hizarci, S.** Tanzimat edebiyati antologisi [Metin] : antoloji / S. Hizarci. – Istanbul, 1955. – 49 p.

3 **Kazpat, K.** Cagdas turk edebiatinda sosyal konular [Metin] : araştırma / K. Kazpat. – Istanbul, 1962. – 56 p.

4 **Кахарова, Н.** Рифао Рахиа ат-Тахтави [Текст] // Известия отделения общественных наук АН Таджикской ССР. – № 1. – 1968

5 **Крачковский, И.** Мустафа Камиль и Жюльетта Адан [Текст] : Избранные сочинения Т. 3 / И. Крачковский. – Москва-Ленинград, 1956. – 180 с.

6 **Аль-Фахури, Х.** История арабской литературы [Текст] : Т. 2. / Х. Аль-Фахури. – М., 1961. – 120 с.

7 **Будаген, А.** К вопросу о пьесах Мирзы Мальком хана [Текст] // Вестник общественных наук АН Армянской ССР. – № 10. – 1968.

8 **Бертельс, Е.** Из истории попыток реформы арабского алфавита. Культура и письменность Востока [Текст] : Т. 3 / Е. Бертельс. – Баку, 1928. – 100 с.

9 **Зеин-аль-Абидин, М.** Дневник путешествия Ибрагим-бека [Текст] / М. Зеин-аль-Абидин. – Москва-Ленинград, 1963. – 96 с.

10 **Манафи, Ш.** Жизнь и творчество М. А. Талибова [Текст] : дисс. на соиск. канд. филол. наук / Ш. Манафи. – Баку, 1966. – 26 с.

References

1 **Namik, K.** Kúlliát [Mátin]: 2 tomдық. Т. 2 / [Namik, K. Kulliyat [Text] : 2 volumes. V. 2] – Ankara, 1960. – 108 p.

2 **Hızarchı, S.** Tanzimat ádebietiniń antologiasy [Mátin] : antologia [Tanzimat literature anthology [Text]: anthology] / – Istanbul, 1955. – 49 p.

3 **Qazpat, K.** Qazirgi túrik ádebietindeki áleýmettik máseleler [mátin]: zertteý [Social issues in Cagdas turkish literature [Text] : research] – Istanbul, 1962. – 56 p.

4 **Кахарова, Н.** Rifar Rahita at-Tahtavı [Rifar Rahita at-Takhtavi [Text]] // Proceedings of the Department of Social Sciences of the Academy of Sciences of the Tajik SSR. – No. 1. – 1968

5 **Krachkovskı, I.** Mustafa Kamil jáne Djýletta Adan [Mátin]: tańdalğan shyǵarmalar T. 3 [Mustafa Kamil and Juliette Adan [Text] : Selected works Vol.3] – Moscow-Leningrad, 1956. – 180 p.

6 **Ál-Fahýrı, H.** Arab ádebietiniń tarıhy [Mátin]: T. 2. [History of Arabic Literature [Text] : Vol.2.] – Moscow, 1961. – 120 p.

7 **Býdagán, A.** Myrza Malkom hannıń pesalary týraly suraqqá [On the question of Mirza Malkom Khan's plays] // Bulletin of Social Sciences of the Academy of Sciences of the Armenian SSR. – No. 10. – 1968.

8 **Bertels, E.** Arab alfavitin reformalaý áreketteri tarıhınan. Shyǵıs mádenieti men jazýy [Mátin] T. 3 [From the history of attempts to reform the Arabic alphabet. Culture and writing of the East [Text] : Vol. 3] / – Baku, 1928. – 100 p. 10. Bertels, E. Arab alfavitin reformalaý áreketteri tarıhınan. Shyǵıs mádenieti men jazýy [Mátin] T. 3 [From the history of attempts to reform the Arabic alphabet. Culture and writing of the East [Text]: Vol. 3] / – Baku, 1928. – 100 p.

9 **Zein-ál-Abidin, M.** Ibrahim-bekke saiahat kúndeligi [Travel diary of Ibrahim bey] – Moscow-Leningrad, 1963. – 96 p.

10 **Manafi, Sh.** Talıbovtıń ómiri men shyǵarmashylyǵy [Mátin] : diss. izdenýge. kand. filol. ǵylymdar [Manafi, Sh. The life and work of M. A. Talibov [Text] : diss. on the job. candidate of Philology] – Baku, 1966. – 26 p.

Басып шығаруға 08.09.23 қабылданды.

*С. Н. Сутжанов¹, Б. Ш. Куралканова², Э. С. Курмангожаева³

^{1,2}Павлодарский педагогический

университет имени Әлкея Марғұлана,

Республика Казахстан, г. Павлодар;

³Алматинский университет менеджмента,

Республика Казахстан, г. Алматы.

Принято к изданию 08.09.23.

ДУХОВНО-КУЛЬТУРНЫЕ ОТНОШЕНИЯ В ВОСТОЧНО-ТЮРКСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

В статье рассматриваются духовно-культурные отношения в восточно-тюркской литературе на рубеже прошлых веков и на конкретных примерах подтверждается, что мусульманские просветители установили тесные связи между собой в рамках религиозно-просветительского направления.

При этом религиозно-просветительская направленность рассматривается как один из главных факторов сближения стран Востока и основа духовного взаимообмена. Потому что религиозное единство людей и исламский процесс обучения являются источником их взаимодействия и общения. Поэтому система обучения в данном направлении сформировалась как очаг культуры, расширяющий духовный горизонт стран восточного региона. На мусульманском Востоке на рубеже прошлых веков это направление набирало особый импульс. В этом же русле переплетались взаимные духовно-культурные отношения стран.

В целом, начиная с середины девятнадцатого века, Восток стал зависеть от Запада, что вызвало беспокойство среди интеллигенции. Начало влияния западноевропейских государств на мировое общественно-политическое положение не могло не беспокоить восточную интеллигенцию. В этот период религиозно-просветительское течение, которое начало возрождаться в традиционном русле, развивалось в связи с общественно-политической ситуацией и процветало в контексте национального идеала.

В статье рассматриваются роль, влияние восточно-тюркских ученых-деятелей на духовное возрождение человечества.

Ключевые слова: Восточно-тюркская литература, духовно-культурные отношения, религиозно-просветительское направление, национальный идеал, идея просвещения

*S. N. Sutzhanov¹, B. S. Kuralkanova², E. S. Kurmangozhaeva³

^{1,2}Pavlodar Pedagogical University

named after Alkey Margulan,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar;

³Almaty University of Management,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Accepted for publication on 08.09.23.

SPIRITUAL AND CULTURAL RELATIONS IN EASTERN- TURKIC LITERATURE

The article examines the spiritual and cultural relations in the eastern-turkic literature at the turn of the last centuries and confirms by concrete examples that muslim enlighteners have established close ties among themselves within the framework of the religious and educational direction.

At the same time, religious and educational orientation is considered as one of the main factors of rapprochement of the countries of the East and the basis of spiritual interchange. Because the religious unity of people and the Islamic learning process are the source of their interaction and communication. Therefore, the system of education in this direction has been formed as a center of culture, expanding the spiritual horizon of the countries of the eastern region. In the Muslim East at the turn of the last centuries, this trend was gaining a special momentum. Mutual spiritual and cultural relations of the countries intertwined in the same vein.

In general, since the middle of the nineteenth century, the East has become dependent on the West, which caused concern among the intelligentsia. The beginning of the influence of Western European states on the world socio-political situation could not but worry the Eastern intelligentsia. During this period, the religious and educational trend, which began to revive in the traditional way, developed in connection with the socio-political situation and flourished in the context of the national ideal.

The article examines the role and influence of Eastern-Turkic scientists and figures in the spiritual revival of humanity.

Keywords: Eastern Turkic literature, spiritual and cultural relations, religious and educational direction, national ideal, idea of enlightenment.

Теруге 08.09.2023 ж. жіберілді. Басуға 29.09.2023 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

3,32 МБ RAM

Шартты баспа табағы 23,77. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4138

Сдано в набор 08.09.2023 г. Подписано в печать 29.09.2023 г.

Электронное издание

3,32 МБ RAM

Усл. печ. л. 23,77. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4138

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz